

Тәуелсіздік жылдарында әдебиет теориясындағы жаңаша ізденістер

магистр, аға оқытушы Бажикеев К.К.
Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан

Тәуелсіздік таңының атуымен бірге қоғам мен әдебиеттегі өзгерістерге сай әдебиет теориясында да жаңаша бағыттағы ізденістер пайда болды. Бір ғана социалистік реализм әдісінің қалыбында, маркстік-лениндік әдіснама байлауында болып келген әдебиет пен оның ғылымы тәуелсіздік талабына орай жаңа арнаға бет бұрды. Бұл өз кезегінде әдебиет теориясының алдына ұлттық сөз өнерін, ондағы әдеби құбылыстарды, түрлі әдебиет жанрлары мен әдеби шығармаларды, эстетика табиғатын жаңаша байыптап, таным таразысына салуды жүктеді. Көркем шығарманы талдау мен әдеби процесс заңдылықтарын ашуда енді бұрынғы бағалаулар мен талдауларды уақыт талабына сай қайта сараптап, тәуелсіз сана тұрғысынан қарастыру міндеті тұрды. Егемендік алған алғашқы жылдары әдебиет теориясына қатысты зерттеулер аз болғанымен, уақыт өте бұл бағыттағы зерттеу еңбектері көптеп жарық көре бастады. Р.Нұрғалиевтің «Арқау», «Сөз өнерінің эстетикасы», «Драма өнері», Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Романның баяндау жүйесіндегі автор», З.Ахметовтың «Казахская стихосложение», Қ.Мәшһүр Жүсіптің «Өлең - сөздің патшасы», «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік», Б.Қанарбаеваның «Қазақ әдебиетіндегі модернизм», Т.Есембековтың «Қазақ прозасындағы драматизм», «Көркем мәтін поэтикасы», Т.Рақымжановтың «Қазіргі қазақ романының поэтикасы», Қ.Алпысбаевтың «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік», Ж.Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Қазіргі қазақ әдебиеті», К.Ахметовтың «Әдебиеттану әліппесі», «Әдебиеттануға кіріспе», С.Мақпыровтың «Әдебиеттің тектері мен түрлері», Г.Пірәлиеваның «Ішкі монолог», «Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері», А.Ісімақованың «XX ғ. басындағы көркем прозаның поэтикасы мен стилі», Ж.Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер», «Жанр және көркемдік әдіс», М.Әйтимовтың «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім», С.Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында», А.Үсенованың «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері» т.б еңбектерде әдебиеттің теориялық мәселелері әлемдік әдебиеттанудың бүгінгі әдіс-тәсілдері мен жетістіктерін негізге ала отырып зерделенді. «Әдебиеттің теориялық мәселелері туралы әдебиеттанушы да, сыншы да, жазушы да, оқырман да пікір айтатын болды. Пікірдің айтылғаны, пікірді түрлі мамандардың айтқаны жаман емес. Бірақ әдебиеттің теориялық мәселелерін ақын мен жазушы, сыншы мен оқушы, әдебиеттанушы – бәрі жамырай көтеріп, жарыса пікір айтуы, оның теориялық тұрғыдан қорытылмауы жұрттың әдебиет теориясы туралы ұғымын, жалпы көркем әдебиет туралы түсінігін бұзуға немесе теріс қалыптастыруға алып келеді» дегендей, әдебиет теориясында нақтыланбаған тұжырымдар мен зерттеу нысанынан тыс қалып келе жатқан мәселелер жеткілікті [1, 32].

Десе де қазақ прозасы, лирикасы мен драматургиясының теориялық мәселелері жекелеген зерттеулер арқылы жандана түсті. Қазақ поэзиясының көркемдік жүйесі мен поэтикасы, қазақ лирикасының теориялық мәселелері Қ.Мәшһүр Жүсіптің «Өлең - сөздің патшасы» (1991), «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1999), Б.Кәрібаеваның «Қазіргі қазақ лирикасы. Жанрлық-стильдік мәселелері» (1993), «Қара өлең және лирика» (2001), З.Ахметовтың «Основы теории казахского стиха» (1995), «Казахская стихосложение» (2012), С.Негимовтың «Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис. Стилистика. Поэтика» (2001), С.Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» (2010), А.Үсенованың «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері» (2010) т.б. зерттеулер мен оқулықтарда жекелей қарастырылды.

Б.Кәрібаеваның «Қазіргі қазақ лирикасы. Жанрлық-стильдік мәселелері» (1993) және «Қара өлең және лирика» (2001) атты шығармалары қазақ лирикасын жеке дарындар шығармашылығы негізінде саралап, талдайды. Алғашқы еңбекте автор Абай мен Қасым арасындағы поэтикалық көпір Мағжан жырларын, поэзияда өзіндік стилін қалыптастырған М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, М.Шаханов, С.Жиенбаев т.б. ақындар шығармашылығын таразылайды. Ақын жырларының стильдік-жанрлық ерекшеліктері, ондағы лирикалық «меннің» көрінуі, өлеңдеріндегі драматизм, лиризм құбылыстарының орын алуы, сөз қолданысы, көркемдік және мазмұндық тереңдігі сынды теориялық мәселелер талдауда ерекше көрінеді [2].

А.Үсенованың «Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері» (2010) монографиясында қазақ өлеңінің құрылысы мен оның даму эволюциясы, құрылымдық дәстүрлері ғылыми жүйеленеді. Автор қазақ өлеңі құрылысында әр кезеңдері қалыптасқан үрдістер мен сол үрдістерді қалыптастырушы Абай, Сәкен, Мағжан, Қасым, Жүмекен, Сырбай, Мұхтар сынды ақындар шығармашылығына кең тоқтала отырып, тәуелсіздік тұсындағы поэзияға ат басын тірейді. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ырғақ, шумақ, ұйқастар және олардың жаңаша, дәстүрден тыс құрылымы мен қолданысы теориялық талдау арқылы жете сараланады. Әдебиетші осы арқылы бүгінгі поэзияны жаңаша танып, баға береді [3].

Тәуелсіздік жылдары қазақ прозасының күрделі табиғаты, қазақ романының түрлі әдеби мәселелері теориялық ұғымдар негізінде сараланды. Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Романның баяндау жүйесіндегі автор», Т.Есембековтың «Қазақ прозасындағы драматизм», «Көркем мәтін поэтикасы», Т.Рақымжановтың «Қазіргі қазақ романының поэтикасы», Қ.Алпысбаевтың «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік», Ж.Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім», Г.Пірәлиеваның «Ішкі монолог», «Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері», А.Ісімақованың «Казахская художественная проза. Поэтика. Жанр. Стиль», Ж.Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер», «Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы», «М.Әйтімовтың «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен

көркемдік шешім» атты зерттеу еңбектері түйінді ой, ғылыми маңызы, теориялық өзектілігімен бүгінгі әдебиеттанудың өрісін кеңітті.

Әдебиетші А.Ісімақова «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр. стиль» атты монографиясында қазақтың көркем прозасы қалай туды, оған қандай жанрлық бастаулар әсер етті деген мәселелер зерттелген. Ғалым прозаның дамуына Абайдың классикалық стилінің әсер етуінен бастап, 1960-1980 жылдардағы қазақ прозасының жанрлық, көркемдік тұрғыда дамуын теориялық арнада талдап-екшейді [4].

Филология ғылымдарының докторы Қ.Алпысбаевтың «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» (2008) атты монографиясында қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың игерілуі, өмірлік шындықты көркемдік шындыққа айналдырудағы түрлі әдіс-тәсілдер, оны жүзеге асырудағы қаламгердің шеберлік қырлары сараланады [5]. Автор негізінен М.Әуезов, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжановтардың шығармаларын, «Алтын Орда», «Көшпенділер» тарихи романдарын тарихи шығармалардағы құжаттарды пайдалану тәсілі, ретроспекция тәсілі, уақыт пен кеңістік, тарихи уақыт, драмалық уақыт, тарих пен көркемдік шындықтың арақатынасы сынды мәселелер аясында талдап-таразылайды.

Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген бірқатар оқулықтарда да әдебиет теориясының мәселелері талданып, студенттерге ұсынылды. С.Мақпировтың «Әдебиеттануға кіріспе», Т.Есембековтың «Әдеби талдауға кіріспе», «Көркем мәтінді талдау негіздері», Ж.Дәдебаевтың «Қазіргі қазақ әдебиеті», Б.Ердембеков, Ж.Аймұхамбет, Р.Тұрысбек, Қ.Байтанасова, С.Айтуғановалардың «Қазіргі қазақ әдебиеті», К.Ахметовтың «Әдебиеттану әліппесі», «Әдебиеттануға кіріспе», Ж.Жарылғапов, А.Мырзахметовтың «Қазіргі қазақ әдебиеті» сынды оқулықтарында уақыт және кеңістік, автор және көркем шығарма, поэтика, әдеби тек, түр, әдеби жанр, көркемдік әдіс және әдеби тәсіл, әдеби ағым-бағыт сынды теориялық ұғымдарға түсінік бере отырып, қазіргі әдеби үдерістегі шығармалар теориялық арнада талданып, көркем шығарманы талдаудың түрлі жолдары ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дәдебаев Ж. Әдебиет теориясы: ғылыми маңызы, өмірлік мәні. Әдебиет теориясы және қазіргі әдебиеттанудың негізгі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2014. – 485 б.
2. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасы. Жанрлық-стильдік мәселелері. – Қарағанды, 1993. – 139 б.
3. Үсенова А. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері. - Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
4. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы: Ғылым, 1998. - 392 б.
5. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы:Таймас, 2008. – 232 б.